ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 желтоқсан №5165-23-00-2/3480 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ИП Бекқұл» Бекқұл Айдана Нұрғалиқызы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ИП Бекқұл» Бекқұл Айдана Нұрғалиқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ИП Бекқұл» Бекқұл Айдана Нұрғалиқызынан мемлекеттің пайдасына 3 145 (үш мың бір жүз қырық бес) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 1 819 (бір мың сегіз жүз он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Документ подписан: Рустем Б. М., 27.12.2023
Дата вступления в законную силу: 03.02.2024, судья Рустем Б. М., 07.02.2024
5165-23-3-1/3740

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Документ подписан: Рустем Б. М., 27.12.2023

Дата вступления в законную силу: 03.02.2024, судья Рустем Б. М., 07.02.2024

5165-23-3-1/3740